

Бал дәурен



Сыр бойы
мектеп оқушыларының
газеті

№16 (359) 16 тамыз 2016 жыл

Газет 2001 жылдан бастап шығады

Мамандығым-мақтанышым

Бала жанды қаламгер



Шеңгелі мол, тұмса тағдыр сынынан кім қашып құтылсын. Үкілеген үміт сәулесі асқақ армандар қаласына жетелейді. Ұлттың ұлт болып қалыптасып дамуына бірден-бір зор ықпалын тигізер бұқаралық ақпарат құралдарын "төртінші үкімет" дейтіні осыдан болар. Осы орайда елдің ертеңі мен бүгінгісін саралап, мұңын мұндап, жоғын жоқтайтын тілшілер мен журналистердің алатын орны ерекше.

Елім, тілім, дінім деген өр рухты өрендер өресін өрге өрлетіп, қиялына қанат бітіріп жүрген облыстық "Білім қазынасы" журналының бас редакторы Руслан Нұрғазыұлы туралы айтпақпын.

Мен 2005 жылы №11 орта мектебіне жұмысқа тұрдым. Сол кезде мектепте оқушылардан материалдар алып жатқан бір жігітке көзім түсті. Қасына келіп: "Газетке мақала қабылдайсың ба?" деп сұрадым. Ол "Қандай тақырыпта жаздың?" деп сұрады. Мен: "Жазған жоқпын. "Жазсам көмектесесің бе" дедім. Ол "жасай қолдан келгенше көмектесемін" деді. Осы кезде екеуіміз отырып осы мектептің бейнелеу пәнінің мұғалімі Оразкүл Еспанова туралы жаздық. Ол "Сыр мектебі" газетіне шықты. Осыдан бастап менің шығармашылыққа деген махаббатым ояна бастады. Осылай Руслан менің мақала жазуыма себепші болды. Осы күннен бастап Русланмен дос бола бастадым. Бүгінгі таңда "Білім қазынасы" журналының тілшісімін. Бір оқушысы Арайлым Әріпжан Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті журналистика факультетінің 3-курс студенті. "Қоғам ТВ" телеарнасының директоры.

Руслан қолы босаған уақытта балаларға арнап сөзжұмбақтар, әңгі-

мелер, ертегілер жазады. Біраз шығармалары "Бал дәурен" газетіне шықты.

Русланның баспасөзбен байланысы 10-сынып оқып жүргенде бастады. Алғаш "Бал дәурен" газетіне "Абылай" атты сөзжұмбағы шығады. Бұдан кейін "Сыр мектебі" газетіне "Анаң - бақытың" атты мақаласы жарық көреді. Осылайша Русланның шығармашылыққа деген махаббаты оянады.

Оның шығармалары ата-ананы, үлкенді, ұстазды сыйлауға арналады. Негізінен "Анаң - бақытың", "Әкең - қазынаң", "Ананың жүрегі жылы, құшағы кең", "Әлем жарығын сыйлаған", "Балалар неге ұялды?", "Мираш апайға", "Өнерлі өрен баулиды" мақалаларында байқалады. "Қыздарға байланысты салт-дәстүрлер өте көп: солар ақталып келе ме?" "Ырымдар мен тиымдар", "Ұлыстың ұлы күні", "Ұзынсары деген не?" мақалалары оқырман көңілінен шығып жүр.

Замаңдастарының жақсы жақтарын көре біліп, дер кезінде жақсылығын айтады. Онысы "Тасбөгеттің Мәди-насы", "Бойжеткен бейнесі", "Оқуда - үздік, жарыста - алда", "Биші Айжан", "Өнерлі шәкірт", "Жас әншілердің жақсы табысы", "Би үйірмесінің мақтанышы", "Ақшолпанның бишілері" мақалаларында сөз болады.

Өмірдегі келеңсіз көріністерді ертегі, мысалдармен жеңіл ғана сынау - Руслан қаламының ерекшелігі. "Түлкі мен қасқырдың достығы", "Сиыр мен шошқа", "Бөлтірік бөрілігін жасады", "Сыныптастар", "Піспеген қарбыз және бағбан", "Жетім бала мұрағына қалай жетті", "Түлкі қойдан неге қашты?" әңгіме-ертегілерінде сөз болады.

Өскеден ұрпақ бойындағы абзал қасиеттер мен кертарпта мінез-құлықтарды әшкерелеп, оқырманын ойландырады. Оған "Тәрбие басы талбесік", "Алпамыстай алыбы мен Қобыландыдай батыры барын білмейтін ұрпақ өсіп келеді" "Бала санасын улаған - агент", "Бүгінгі іс-шаралар ішкі жарамызды емдей алмайды", "Дәрігерлік атқа лайық", "Тәлімі мол тәрбие-ші" мақала-новеллалары айқын дәлел.

Қорыта айтқанда Руслан Нұрғазыұлының шығармаларының тілі жатық, оқушыға түсінікті. Өмірдің көркі де, асылы да, қызығы да - ар тазалығы мен адалдықта, анығын айтқанда, адам бола білуде екенін сезінесін.

Еркін ӘБИЕВ,
№11 орта мектептің
технология пәнінің мұғалімі.

Оқушылар шығармалары. №253 мектеп. 4-сынып

Достық

Ертеде екі аққу дос болады. Олардың достығын қаз қызғанады екен. Ол "Аққуға барлық адам қызығады, оны атпайды. Аққу - неткен бақытты құс; Шіркін, мен де сондай әдемі болсам ғой" деп армандайды. Оның үстіне қаз басқа достармен достасқысы келмей, дөрекі және ашуланшақ келеді.

Бір күні көпшікке бір қызыл қаз келеді. Сол кезде көлшіктің иесі қаз келіп "Сен бұл көлде не іздеп жүрсің"

деп дөрекі мінез көрсетеді.
- Кешіріңіз, қаз мырза, мен осы маңда жүрген екі аққуды іздеп жүр едім дейді.
- Оларды бұл көлшіктен қуып жібердім дейді ақырып.
- Бұл не істегеніңіз, сіз олардың неге қудыңыз?
- Мен олардың достығын қызғанамын дейді.
- Сіз дөрекі болмағаныңызда барлығы сізбен де бос болар еді деп қызыл қаз ұшып кетеді.

Шұға ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ.

Маған ұнайтын мезгіл

Әр адамның өзі ұнататын мезгілі болады. Сол сияқты менің де ұнататын мезгілім бар. Ол - көктем мезгілі. Бұл мезгілде жер жасанып, тіршілікке жан бітеді. Ағаштар бүршік жарып, жерден қызғалдақтар өседі. Күн жылынып, күрт-құмырсқалар шығады. Дикандар жер жыртып, егін еге бастайды. Бұл мезгілде көптеген мерекелер

тойланады. Мысалы, 8-наурыз аналар, 22-наурыз Ұлыс күні, 2-сәуір кітап, 12-сәуір ұшқыштар, 1-мамыр достық, 7-мамыр ұландар мен 9-мамыр Жеңіс күні мерекелері осы мезгілде тойланады.

Жасақбай БАРАТ.
Қызылорда қаласы.

Жаңалықтар. Хабарлар

Суретті кітап көрмесі



Астана күнін атап өтуге арнаған іс-шаралар аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы "Еліміздің бақ ордасы - Астана" атты суретті кітап көрмесін ұйымдастырды.

Кітап көрмесінің мақсаты: оқырмандардың Астана жайлы білімдерін шыңдап, оның қалыптасу тарихымен таныстыру, ой-өрістерін дамыту, дүниетанымын кеңейту, Елбасымызға деген құрмет сезімдерін тереңдету, болашақ ұрпақты отансүйгіштікке, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Кітап көрменің ашылу салтанатында кітапхана директоры Нұржамал Ахметқалиқызы Мырзамұратова және Қорқыт ата атындағы Қызылорда Мемлекеттік университетінің Қазақстан халықтары Ассамблеясы кафедрасының меңгерушісі Мыңжас Нұрлыбек Кәрібозұлы құттықтап, Астананың бүгінгі бағындырған биіктері мен жеткен жетістіктері жайлы айтып өтті.

Келушілер кітап көрмесіндегі "Елбасы мен Елорда", "Мерейі асқақ Қазақстан", "Ынтымақ қанат берген Астана" атты бөлімдермен танысты. Сондай-ақ, оқырмандар назарына "Мәңгілік ел. Ғасырға бергісіз жылдар", "Менің Отаным - Тәуелсіз Қазақстан"

атты кітаптар, Елбасы Н.Назарбаевтың Астана қаласына қатысты күрделі шешімдері, сәулет сааласындағы ізденістері, қаланың болашағы туралы ойлары, өкениң аңыздары мен жер-су атаулары, тұрмыстық түйткілдері, тарихи салыстырмалары, Астананың бедері мен әсемдігі, бір сөзбен айтқанда жаңа Елордаға арналған ойлары мен істері жазылған "Еуразия жүрегіңде" атты кітабынан бастау алып, ақын-жазушылар Н.Иманқызының "Астана-Ақорда", "Ерке Есіл", А.Смайылдың "Астана ғасырлары", С.Бексейіттің "Астана уақыты", "Астана - Қазақстанның жүрегі", "Астанадағы көшелер", "Қазақстанның жеті кереметі", "XXI ғасырдың Астанасы", "Астана.XXI ғасыр", "Астана" атты суретті кітаптар, Астана туралы фото-суреттер ұсынылды. Кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасалды. Шара барысында "Астана: кеше, бүгін, ертең" атты бейне-ролик көрсетілді. Астана жайлы өлеңдер оқылды. Кітапхананың кішкентай оқырмандары "Туған күніңмен, Астана" тақырыбына суреттер салып, өз шығармашылықтарын шыңдады.

**Ә.Тәжібаев атындағы
облыстық кітапхана.**

Жол ережесіне жетікпіз



Жақында "Қозғалыстың жас инспекторлары" қалалық байқауына №128 негізгі орта мектебінен "Жас қыран" тобы қатысып, жеңіспен оралды. Біздің жасағымыз "Жол қозғалысы ережесінің білгірлері" номинациясы бойынша I-орын, "Үгіт бригадасы" номинациясы бойынша III-орынды иеленді. Байқауға қатысқан жас инспекторларымыз ұшқыр

ойымен, білімділіктерімен көзге түсті. Алдағы уақытта жас инспекторларымыз жол қозғалысына байланысты білімдерін одан әрі жетілдіріп, облыстық байқауда бақ сынайтын болады.

Мархабат ТАЛПАКОВА,
№128 орта мектептің тәлімгері.
Қараөзек станциясы.

Бір мектептен хат. №253 мектеп. 4 «В» сынып

ЕРТЕГІЛЕР ЕЛІНЕ САЯХАТ

Түлкі мен кірпі

Орман іші. Құстардың әсем үні құлаққа жағымды естіледі. Бір кезде орманның ішінде бір түлкі келе жатты. Түлкінің қарны аш екен. Ол алма ағашының қасына жақындай бергенде, ағаштың астындағы кірпіні көреді. Қараса үстінде алма бар екен.

Түлкі ағашта пісіп тұрған алманы

алуға ерініп, кірпінің үстіндегі алманы ала бергенде, оның тікендері түлкінің қолына кіріп кетеді. Кірпі қорыққаннан қашып кетеді. Алма кірпінің үстінде қалады. Ал, түлкінің қолы аурып қала береді.

Талшын ӨМІРЗАҚ

Етікші

Ертеде ел арасында Тоқсанбай деген етікші өмір сүріпті. Ол етік тігумен айналысады екен. Жыртылған етіктерді тігіп, табаны түскендерін жамап береді екен. Соның арқасында етікші Тоқсанбай деген атқа ие болады.

Бір күні оған бай жыртылған етігін алып келеді. Етікші байдың етігін тігіп

береді. Етікші сол түскен ақшасын жұмсамай, қалаға келеді. Онда адамдар көп екен. Етікшіге біраз адамдар етіктерін тиктіреді. Ол сөйтіп біраз ақша тауып, үйіне келеді. Үлкен аяқ киім шеберханасын ашып, шәкірттер тәрбиелейді.

Мұрат РАХМАН.

Аю мен түлкі

Ертеде орманда аю мен түлкі өмір сүріпті. Бір күні түлкі қатты аурып, төсек тартып жатып қалады. Аю досының үйіне келіп, қал-жағдайын сұрайды. "Досым саған не болды, төсек тартып жатып қалыпсың. Саған қандай дәрі керек. Айт, мен саған сол дәріні тауып беремін" дейді. Сонда түлкі маған керекі киіктің қызыл майы. Ол осыдан 30 шақырым жердегі базарда гана сатады. Соған баратын жағдайым

жоқ дейді.

Аю досына жаны ашып, сол қызыл майды мен әккіп берейін деп, жолға шығады. Аю түлкі айтқан базарына келеді. Қызыл майды алып досына келеді. Түлкі қызыл майды ішіп, барлық дертінен айығып кетеді. Содан бері аю мен түлкі дос болып, тату-тәтті өмір сүреді.

Серікбай САБЫРЖАН.

Құмырсқа мен шыбын

Ертеде құмырсқа мен шыбын дос болыпты. Құмырсқа еңбекқор, өз нанын өзі тауып жесе, ал шыбын біреудің затын ұрлаудан жалықпайды.

Бір күні құмырсқа балаларына азық алып келуге кетеді. Бұны көрген шыбын құмырсқаның илеуіне кіріп, қысқа жинап жатқан азықтарын алып кетеді. Құмырсқа үйіне келсе азықтарының жартысы жоқ. Ол жақын досы шыбынның үйіне келеді. Келсе

құмырсқаның азықтарын жеп, ұйықтап жатыр екен. Құмырсқа айқайлап шыбынды оятып: "Менен алған азықтарыңды қайтар" деп дау шығарады. Сөйтіп азықтарын қайтарып алады. Содан бастап шыбынмен ешкім де дос болмапты. Содан бері шыбын боқтан қолға қонып, жалғыз өмір сүріп келеді.

Ерсұлтан ШЕГЕБАЕВ.

Жандос-мектептің мақтанышы

Жандос - мектебіміздің мақтанышы. Сабақты үздік оқиды, достарының алдында беделді. Мінезі тұйық, көп сөйлемейтін бала. Ал Бекболат пен Әсет сабағы нашар, тәкаппар балалар. Жандосты екеуі жек көреді, оған ашуы келіп кек алғысы келеді. Өйткені қазақ тілі сабағында диктант жазса, математика пәнінен бақылау есептерін шығарса, оларға көрсетпейді.

Бір күні Жандос үшінші сабақтан шығып, төртінші сабаққа кіргелі тұрғанда Әсет Жандосты "Сен бақылау жұмысында неге бізге көрсетпейсің деп сұрақтың астына алады. Әсет Жандосты сөзге айналдырып тұрғанда Бекболат Жандостың сөмкесіне ешкімге білдіртпей бір қорап темекі салып жібереді. Оны Ғалымжан сырттан бақылап тұрады. Келесі сабақ басталды. Ұстаз оқушылардан өткен сабақты сұрап жатқанда сынып есігі ашылып мектеп инспекторы мен оқу-тәрбие ісінің орынбасары Ахметова Мираамкүл апай кірді. Оқушылар орындарынан тұрып, сәлемдесті. Олар келген себебін айтты.

Қазіргі кезде көп оқушылар

жаман әдеттерге әуестеніп кетті. Соған байланысты осы сыныпта бір тәртіп бұзылды деп естідік. Осыған байланысты мектеп инспекторы мен келіп тұрмын деді Мираамкүл апай. Ер балалар сөмкелерін ашсын, тексереміз деді мектеп инспекторы. Сөйтіп ер балалардың сөмкелері тексеріліп жатты. Ендігі кезек Жандосқа келді. Сөмкесін ашып қараса бір қорап шылымды көреді. Мектеп инспекторы Жандосты жасөспірімдер бөлімшесіне алып кетеді. Жолда Жандос қанша ақталса да оны инспектор тыңдағысы келмеді. Бөлімшеге ата-анасы мен сынып жетекшісі шақырылды. Ата-анасы мен сынып жетекшісі "Жандостың бұндай шылым шегетін әдеті жоқ" десе де, оларды ешкім де тыңдамады.

Сөйтіп Жандос "Ең қиын бала" деген тізімге ілініп, полицияның қарамағына ілікті. Мұны естіген Бекболат пен Әсет бір қуанып қалды. Ал сыныптастары алдында Жандостың беделі түсті.

Серік НҮРТҮРСЫН,
11-сынып оқушысы.

Ананың мейірімі

Кез келген адамның әдептілігі мен жан дүниесінің сұлулығы алдымен балаға ақ сүт беріп, әлпештеп өсірген ана жүрегінің жылуынан басталады. Бала бойындағы жақсы қасиеттер де ең алдымен анадан тарайды. Әлемдегі ең мейірімді жан анаң. Егерде балалықпен

қателік жасасақ кешіреді.

Ана болу - бүкіл өміріне кететін рухани күш пен ерен еңбек. Өз баласын бағып-қағуда барлық күш-жігерін пезентіне жұмсайды, сол арқылы оның жаны нұрлана түседі. Ал баланың анаға деген махаббаты жеткіліксіз.

Бір күні Мұхаммед (с.ғ.с.) Пайғамбарымызға бір кісі келіп: "Алдымен кімге жақсылық жасау керек" деп сұраса, "Анаңа" деп жауап береді. Екінші рет сұрағанда тағы да "Анаңа" деген. Үшінші рет сұрағанда тағы да "Анаңа" дейді. Төртінші рет сұрағанда "Әкеңе" деген екен. Бұдан біз не ұғамыз. Ананы сыйлау арқылы адамдар биікке шығады дей келе "Жұмақ - ананың табанының астында" деген сөзді айтады. Ананың мейірімі жан-жағына

шуағын төгеді. Осы шуақпен жылынып асыл ананың құшағында мейірім алып жүрген барша азамат аналарды ардақтап, аялай білсе, бұдан асқан бақыт жоқ.

Менің анам Эльмира Мұқарбаева жеке кәсіпкер. Сауда ісімен айналысады. Мен де өскенде анам сияқты болғым келеді. Анамның ісін әрі қарай жалғастырамын.

Мөлдір МОЛДАБЕК,
4 "Б" сынып оқушысы.

Қыс қызығы

Маған қыс мезгілі ұнайды. Бұл кезде қар түсіп айналамыз аппақ нұрға оранады. Көше балалар мен шанадан көрінбейді. Сабаққа бара жатсаң айналада өзіміздей балалар бір-біріне қаратысып ойнап жүреді. Жерді бассаң қырт-қырт етеді.

Сабақтан келе жатсам, кенеттен алыстан жылат-жылат етіп, аппақ болып

үлкен қар үйіндісі көзіме көрінді.

Анамның құшағында аунағандай сол қарға аунағым келді. Бірақ, осы аппақ сұлулықты бұзуға қимадым! Табиғаттың осындай сұлулығына қызығып, Абай атамның "Қыс" өлеңі есіме түсті.

Мағжан ҚОРҒАНБЕКҰЛЫ.

Өтірік өлең

Мылтық алып құмырсқа,
Тау мен тасты кезіпті.
Оны көрген жұмыртқа
Қатты қорқып безіпті.

Тым асығыс құмырсқа,
Бара жатып жұмысқа.
Басып кетіп аюды,
Душар болды қылмысқа.

Меруерт МҰСТАЖАПОВА

Сиыр мен жылқының шүкіршілігі

Бір күні сиыр өрісте келе жатса, жылқымен кездесіп қалады. Ол өмірде тойып тамақ жемейтінін айтып мұңын шағады. Жылқы да маған тамаққа тойдырмай, жұмыс істетіп қояды дейді. Екеуі ойланып: "Шіркін, ханның қоластында болсақ қой. Ондағы жылқылар мен сиырлардың бәрі ірі" деп, ханның аулына жол тартады. Көп жүрді ме, аз жүрді ме әйтеуір ханның аулына келеді. Атқосшыға: "Біз сізге көмектессек болады ма, сіздің қоластында болуға келдік" деді.

Атқосшы оларды тамаққа әбден тойдырып, сиырды егістікке, ал атты соғысқа пайдаланады. Ертеңіне шаршадым деп жатқанда кәрі атқа кезігеді. Онымен әңгімелесіп, отырғанда: "Олар бізді бекерден бекер тойдырмайды. Бізді семіртіп соғыстарға

қатыстырады, ал сиырларды семіртіп, егістік жерге жұмысқа салады" дейді. Жылқы мен сиыр өмірлерін көріп ол жерден қашып кеткісі келеді. Бірақ қаша алмайды.

Күндердің күнінде жылқы мен сиыр ол жерден шығып бара жатқанда мал бағатын иелері көріп қойып екеуін әбден қамшының астына алып, сиыр мен жылқыны жұмысқа әбден салады. Ол екеуі сол жұмыстан үш күн басын көтерместен жатады. Олар жұмысқа жарамсыз болғандықтан базарға апарып сатады. Оны бұрынғы иелері көріп сатып алады. Бұрынғы иелеріне барғандықтан сиыр мен жылқы тәубелеріне келіп, бұрынғы өмірлеріне шүкіршілік етеді.

Нұрлан ӘБИЛМАНСҰР.



Суретті салған 3-сынып оқушысы
Айман АРАПБАЙ.
«Айнакөл» ауылы.

Балаларға базарлық

Этнографиялық өлеңдер

Бабалар мен балалар

Арғы-бергі тегімді,
Өзімше мен түгендеп,
Санап іштей сенімді,
Саусағымды бүгем кеп.
Түзеп демде қатесін,
Зерек бала ұғады.
Бабам,
Атам,
Әкешім,
Ең бірінші тұрады.
Ұлан байтақ даласы,

Ұрпағы жоқ үзілген.
...Немересі... баласы,
Қаздай болып тізілген.
Жұртым неткен текті еді,
Жеті атасын ұғынған.
...Шөбересі... шөпшегі,
Жеті ұрпақ боп шұбырған.
Атам айтқан бұл ғажап,
Бабаларым-ұлы көш.
Болам десең шын қазақ,
Жеті атаңды біліп өс!

Тай қазан

Тату-тәтті тірліктің,
Бір кездегі базары.
Ынтымақ пен бірліктің,
Құт қонған Тайқазаны.
Талай ғасыр татқан дәм,

Алты алаштың қазағы.
Түркістанда сақталған,
Қазағымның қазаны.
Тарихы бай қазан,
Ортаймасын Тайқазан.

Киіз үй

Тақиядан аумайды,
Жасыл жайлау,
баурайды,
Мекен еткен көктем, жаз,
Алты қанат киіз үй,
Немеремді еткен мәз.

-Мынау басқұр, керегең,
-Анау уық, дөдегең,
Көшкен елдің құтты үйі,
Келе жатқан көнеден,
Киіз үйді жасаған,
Ата-бабам көреген.

Сынған қылыш

Қат-қат құмның ішінде,
Жоқ іздедік топ бала.
Қуанған бір кез пішінде,
-Таптық,-дедік шаттана.
Шаң-тозаңға баттық көп,
Құмнан аршып қылышты.
Біз шаттандық "таптық" деп,
Бітіргендей бір істі.

Талай тарих бар мұнда,
Тозаң басқан, шаң басқан.
Жатты менің алдымда,
Бадағы алтын алдаспан.
Өткен тарих ұлы ұғым,
Боп жүргем жоқ текке үздік.
Алдаспанның сынығын,
Мұражайға өткіздік.

Бата

-Қойың семіз болсын!
Ойың егіз болсын!
Оқуыңда озат бол!
Өскенде ұлы қазақ бол!
Өркендесін Отаның,
Отаныңның бол ұлы,
Ісіне сай атаның.

Орындалсын арманың,
Аман болсын, жан-жағың!
-Жай, қолыңды,
Кел, ботам!
Шын тілегін шегелеп,
Ақ батасын берді атам,
Сөзден маржан себелеп.

Аластау

Ауырғанда шошынып мен,
Болмай қайыр еш үміттен.
Көйлегімді өртеп әжем,
Кетті шығып есі тіптен.
-Алас-қалас!
Бәледен-жаладан!
Көзден-тілден сақта!

Ауруың баянсыз түнмен кетсін!
Батқан күнмен кетсін!
Кет, бәлекет, кет!
Бойыңнан мүлдем кетсін!
Қорқып інім жақ ашпады,
Көмпітке де таласпады.
Әп-әдемі көйлегіммен,
Әжем өстіп аластады.

Тұмар

Көз тимесін көлденең,
Қарамасын сұқтанып.
Қасиетін тұмардың,
Әттең, біздер ұқпадық.

Тұмарды жас баланың,
Мойнына бос тақпайды.
Жат көздің ол қарағым,
Тіл сұғынан сақтайды.

Өрмек

Қызыл-жасыл өрмекті,
Санжар әлі көрмепті.
-Өрмек деген,-не дейді,
Күн ұзаққа өрмекке,
Әуестігі көбейді.
Ерінбейді әжесі,
-Өрмек-өнер төресі.
Шопан ата жұртында,
Қолғабыс қып қырқымға,
Жүн әкелген арқалап,
Әжемде үлкен бар талап.
Таң қалдырып талайды,

Тулақ төсеп, сабайды.
Ұршығына иіріп,
Маңдайдан тер құйылып,
Қызыл-жасыл боялған,
Күнге жүнді жаяр жан.
Алуан түске бояйды,
Әжем өрмек құруға,
Бірте-бірте таяйды.
Өрмек құрып шұбалған,
Осылайша ай тоқып,
Алаша әжем шығарған.
Түрлі-түсті алаша,
Төсеніш ол тамаша!

Ұршық

-Білгіш болсаң танып ал,
Көз ілеспей жанығар.
Жуандығы саусақтай,
Жұмыр ағаш сабы бар.
Қол басындай ұршық ол,
Кереметін білсін ел.

Иіргенде әжеміз,
Тыным таппас ыршып ол.
Дөп-дөңгелек тасы бар,
Уақыттай асығар.
Домаланып айналса,
Жіпке жібі қосылар.

Көген

Ескен қылдан епті қол,
Жасыл жайлау,
Шалғында.
Көген деген тіпті мол,
Киіз үйдің алдында.
Ойнақтаған қозы-лақ,

Көзіне ілмей көгенді,
Келген кезде жамырап,
Көгендеп ем,
бөгелді.
Қапелімде жуасып,
Тырып ете алмас төл еңді

Күбі

Білмейтінім кейде көп,
Зат санайды ел бөтен.
Айтсам оны бейнелеп,
Айран піскен,
Ол не екен?!
Қалған ескі қоныста,
Көзге кейін түспеді.
Ұқсайды аздап конусқа,
Бопты және піспегі.

Әжем айтар әрдайым,
Күбі жайлы мадақты.
Жаңа түскен сары майын,
Бала біткен жалапты.
Қайтіп ұмыт қап қойған?!
Келеді үні шалғайдан...
Күбі піскен тәтті айран,
Кетпейді екен таңдайдан.

Ер-тоқым

-Өткен күнін ұмытқан,
Дейді атам:-ел жетім.
Шаң-шаң болып елеусіз,
Бұрышта тұр ер-тоқым.
Топтан озып талай ат,
Жарысатын желменен.

Қараймын кеп абайлап,
Атқа салған ерге мен.
Қиқу салған құр қалмас,
Шабандозға сайлы ерім.
Атқа мығым мінген жас,
Алдын бермес бәйгенің.

Қол диірмен

Дөп-дөңгелек диірмен тас,
Ұнтап дөңді жалмайтын,
Екі жеңін түрген жас,
Еш қозғалта алмайтын.
Диірмен жайлы тақпағым,
Рахатын ел көрген.

Шығаратын аппақ ұн,
Шыр айналып қол диірмен.
Бітті ертегім сонымен!
Таба алмайсың мүлде енді.
Әжем жалғыз қолымен,
Айналырған диірменді.

Шашбау

Бал балалық, Тәтті арман,
Әлдеқашан асқан қыр.
Әлі есімде сақталған,
Әжем таққан шашбау бұл.

Ардақ тұтқан бұйымы,
Менің асыл әжемнің,
Таққан шашқа тиыны,
Көзі талай кезеңнің.

Түйе

Кең даланың кемесі,
Қос өркешті қомы бар.
Төрт түліктің төресі,
Түйе деген жануар.

Құдықшы

Айналада аптап от,
Қалың құмда қат-қабат.
Кен қазғандай құдықшы,
Төккен терін апталап.
Ұғып ауыл хал-жайын,
Күйдіріп Күн маңдайын,
Шөлдіккен жұртының,
Жібітсем деп таңдайын.
Ойпаң жерден құмдағы,
Құдық қазып тынбады.
Тұщы сумен шөл басып,
Қарық болды ел қырдағы.

Мес

Бір заманғы бабамның,
Тері ыдысын, мес дер ел.
Әр тұсына даламның,
Атқа теңдеп көшкен ел,
Дәстүрі игі бабаның,
Қалмай жылдар көшінен,
Құйып айран-шалабын,
Бірге көшкен месімен.

Киіз басу

Қойдың жүнін қырқып ап,
Аяқ-қолы сырқырап.
Жүрсе де әжем ерте-кеш,
Жүн сабайды бұрқырап.
Сабап-сабап таяқпен,
Мыжғыладық аяқпен.
Шылапшыңға шылқытып,
Үлгірдім жүн бояп мен.
Онымен бір тоқтамай,
Іс тындырдық көп талай.
Үйіп қойдық бұрышқа,
Үлгілдек жүн мақтадай.
Мақтап менің ісімді,
Әжем қолға түсірді.
Қаршып-қаршып көп жүнді,
Қайнақ суға пісірді.

Маңдайдан тер домалап,
Өн бойын бір шамалап,
Текеметке жүн қиып,
Ою бастық жобалап.
Текке тұрсаң қиянат,
Әжем, апам қиялап
Киіз басып шығарды,
Домалатып ши орап.
Түрлі-түсті өрнегі,
Түрлендірген көрмені.
Текеметті жайғанда,
Тұтас алды бөлмені.
Өтті көктем.. неше қыс,
Елге ертегі кешегі іс.
Тоңдырмайтын қап-қалың,
Текемет ол төсеніш.

Жер ошақ

Жалап түбі жалыны,
Қара қазан қайнатқан.
Жалт-жұлт еткен жарығы,
Жазғы түнді жайнатқан.
Болсын нұрлы Болашақ,

Бейбіт қазақ аспаны.
Бір кездегі жер ошақ,
Береке-ырыс бастауы.

Оқушылар шығармашылығы

Түлкі мен қоянның достығы

Ертеде орманда аю мен қоян тіршілік етіпті. Ая қоянның заттарын қорқытып алып қояды екен. Қоян аюдан "Менің заттарымды қайтаршы" деп өтінсе, ая қоянның сөзін тыңдамай кетіп қалады екен.

Бір күні қоян балық аулап келе жатса, аю қоянның заттарын қорқытып алып қояды. Ол далада жылап отырса, қасына түлкі келіп: "Досым, саған не болды?" деп сұрайды. Қоян болған жайды жіпке тізгендей айтып береді. Түлкі "Сен уайым жеме, сенен алған

заттарыңды алып беремін" дейді де, аюға келіп "Басеке, мына жақта аңшылар аюды аулап келе жатыр. Бес-алты аяюды ұстап алыпты. Енді осы жерге келе жатыр, Абайла!" деп кетіп қалады. Аю әлгі сөзді естігеннен соң алды-артына қарамай қашады. Содан бері аю орманға жоламайтын болады.

Түлкі қоянға аюдың алған заттарын алып береді. Содан бастап түлкі мен қоян айнымас дос болады.

Бекболат АЗАМАТ.

Қоян мен түлкі

Ертеде орманда қоян мен түлкі мекендепті. Қоян еңбекқор, адал болса, түлкі қу жалқау болыпты. Бір күні қоян бақшасын суарып жатса, қасына түлкі келіп:

- Қоян, мен саған көмектесем болады ма дейді. Иә, болады мына қырыққабат пен жүзімді суара бер, мен ана жаққа барып сәбізді суарайын дейді. Қоян сәбізді суаруға кеткенде түлкі бақшаның тас-талқанын шығарып, үйіне барып қап алып, бүкіл қырыққабаттар мен жүзімдерді қапқа салып кетіп қалады. Үйіне әндетіп кел

жатса жолда аюға жолығады. Аю түлкіден "Бұны қайдан алдың?" деп сұрақтың астына алады.

"Жәрмеңкеден келе жатырмын. Сол жақтан алдым, қазір барсаң сен де аласың" деп жөніне кете береді.

Үйіне келсе алдынан қоян мен аю шығады. Қоян "Сенің жолдыңның болмайтынын түсіндің бе?" Неге мені алдадың дейді. Аю "Мені алдауға қалай дегің барады" деп түлкіге дүрсе қоя береді. Содан қоян мен түлкінің достығы бөлініп кетіпті.

Олжабай САБЫРЖАН.

№216 мектептен хат

Құрметті "Бал дәурен" газетінің редакциясы!

Мен сіздерге Қазалы ауданынан хат жолдап отырмын. Аудан орталығындағы Қ.И.Сәтбаев атындағы мектептің бастауыш сынып мұғалімімін.

Өзім жетекшілік ететін 3 "Г"-сынып оқушыларымен бірге сіздердің басылымдарыңызда жарияланған түрлі материалдарды оқып, талқылауды әдетке айналдырып келеміз. Сыны-

бымдағы оқушыларымыздың көпшілігі өлең жазуға әуес. Бүгін сіздерге үздік Ернар мен Аяулымның өлеңдерін жіберіп отырмын.

Ізгі ниетпен,
Бақыткүл ГЕМИРОВА,
№216 мектептің мұғалімі.
Қазалы ауданы.



Анама

Айналайын, анашым,
Мен үшін сен данасың.
Жақсы болсам мен егер,
Қуанып сен қаласың,
Бәрімізді ренжітпей,
Көңілімізді табасың.


Табиғатым

Табиғат қандай тамаша,
Тоймайды көз қараса.
Бәрі оны сүйеді,
Табиғат - тіршілік тірегі.

Ернар ДЕМЕУ.



Суретті салған 3-сынып оқушысы Шахризада МЫРЗАҒАЛИ.




Суретті салған 1-сынып оқушысы Анель ГЕМИРБЕК.

Ән шырқайық!

Біріншіге барамын

Өлеңі: С.Сейітов.
Әні: С.Елеуов.




Биыл күзде мектепке,
Біріншіге барамын.
Мақтанбаймын мен текке,
Дайын дәптер, қаламым.

Мынау есеп кітабым,
Мынау әйбат кітабым.
Бәрін жинап саламын,
Портфемме салып мен.

Апатайым, анашым

Әнін жазған: С.Елеуов.
Сөзін жазған: Ә.Дүйсенбиев.



Кіршіксіз жүрегіңмен жас баланың,
Апатай асқақ өнім.
Өсірдің, әддиледің, аяладың,
Ойыңнан бір сәт мені тастамадың.

Апаның әрбір сөзі ой талабы,
Жүректің тереңінде сақталады.
Өсеміз елін сүйген ұландар боп,
Ардақты аса еңбегі ақталады.

Апатайым, анашым,
Ақылы мол данасың,
Қамқоры сен сәбидің,
Гүлі де сен әр үйдің.

Ойладың бүлдіршіндей бала қамын,
Сипады маңдайымнан алақаның,
Сөзіңді екі етпейді, орындайды,
Қарайды қабағыңа балақаның.

Меншік иесі:
"Сыр мектебі"
жауапкершілігі

Айына екі рет шығады

Бас редактор Махмұтбай ӘМІРЕҰЛЫ

Мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет редакция компьютерінде теріліп, беттелген.
"Сыр медиа" ЖШС баспаханасында басылды.
Тапсырыс 939

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 2001 жылы 28 қазанда тіркеліп, №2418-Г куәлігін алған.
Индексі 65639.
Таралымы 1123 дана.

Мекен-жайымыз:

Қызылорда қаласы, Тасбөгет қонысы, М.Шоқай көшесі №8 үй.

Телефондар:

Бас редактор: 21-50-75.
Тілшілер, есепші: 40-06-72.
E-mail: syrmektebi@mail.ru